

## Қазақстан халықтары Ассамблеясы үшін квота белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 3 маусым N 256

1. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халықтары Ассамблеясының 1996 жылғы 29 сәуірдегі үшінші сессиясында айтылған тапсырмаларын орындау үшін және республиканың мемлекеттік жоғары оқу орындарындағы студенттер контингентін Қазақстан халықтары ұлт өкілдерімен неғұрлым толық қамтамасыз ету мақсатында, Қазақстан халықтары Ассамблеясы үшін квота - оның ведомстволық бағыныстылығына қарамастан жоғары оқу орнындағы әрбір мамандыққа арналған қабылдау жоспарының 10% болып белгіленсін.

2. Мемлекеттік жоғары оқу орындарының ректорлары қабылдау комиссияларының құрамына Қазақстан халықтары Ассамблеясының жұмыс органдарының өкілдерін қоссын. Қабылдау туралы қорытынды есептерде мамандықтар бойынша және жалпы тапсырғандар мен оқуға алынғандардың, оның ішінде Қазақстан халықтары Ассамблеясының квотасы бойынша халықтың құрамы көрсетілсін.

3. Қазақстан халықтары Ассамблеясы үшін 1996/97 оқу жылына арналған квотаға сәйкес бөлінген орындарға Қазақстан Республикасының Білім министрлігімен және Қазақстан халықтары Ассамблеясының Атқарушы хатшылығымен келісілген республиканың мемлекеттік жоғары оқу орындарына оқуға алу тәртібі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Баспасөзде, теледидар және радио бойынша, оқу және өндірістік ұжымдарда аталған квотаға сәйкес жоғары оқу орындарына оқуға алу шарттары жөнінде түсінік жұмыстары жүргізілсін.

4. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
1996 жылғы 3 маусымдағы  
N 256 өкіміне  
қосымша

1996/97 оқу жылына Қазақстан халықтары Ассамблеясына  
арналған квотаға сәйкес бөлінген орындарға  
республиканың жоғары оқу орындарына оқуға алу

## Тәртібі

1. Жоғары оқу орындарында Қазақстан Республикасындағы барлық ұлт өкілдері санынан студенттер контингентін қалыптастыру мақсатында жоғары оқу орнының әрбір мамандығына қабылдау жоспарының Қазақстан халықтары Ассамблеясы үшін конкурстан тыс оқуға алу негізінде 10% квота белгіленеді.

2. Абитуриенттің ұлты қабылдау комиссиясындағы құжаттарда, оның төлқұжатында немесе ата-анасының төлқұжатындағы ұлты туралы жазбаға сәйкес көрсетіледі.

3. Жоғары оқу орындарының қабылдау комиссияларының құрамына Қазақстан халықтары Ассамблеясының жұмысшы өкілдері міндетті түрде қосылады.

4. Қазақстан халықтары Ассамблеясына арналған квотадан басқа (қабылдау жоспарының 90% орны) орындарға абитуриенттер олардың ұлтына қарамастан Жоғары оқу орындарына қабылдау жөніндегі негізгі ережелерге сәйкес, белгіленген жеңілдіктерді, басқа квоталарды, бірлескен қабылдауды ескере отырып, жалпы негіздемеде оқуға алынады.

5. Қазақстан халықтары Ассамблеясына арналған квотада көзделген орындарға Жоғары оқу орындарына қабылдау жөніндегі негізгі ережелердің тәртібі бойынша жеке конкурс өткізіледі, мұнда бірінші кезекте Қазақстан халықтары Ассамблеясы жұмыс органы өкілі - қабылдау комиссиясы мүшесінің ұсынысы бойынша қабылдау емтихандарын (тесттен өткен) тапсырған Қазақстан халықтарының саны аз халықтардан шыққан абитуриенттер оқуға алынады.

6. Абитуриенттерді Қазақстан халықтары Ассамблеясының квотасы бойынша жоғары оқу орнына оқуға алу-оқуға алу хаттамасында жеке абзацпен ресімделеді. Жоғары оқу орны қабылдау туралы есеп бергенде оқуға тапсырушылар мен алынғандардың, оның ішінде Қазақстан халықтары Ассамблеясы бойынша ұлттық құрамын көрсетуі тиіс.

Қазақстан халықтары Ассамблеясының жұмыс органының мүшесі (өзі қабылдау комиссиясының мүшесі де) жоғары оқу орнына оқуға алуға абитуриенттердің кандидатурасын ұсынған кезде аз ұлттар өкілдерінің конкурс бойынша өткендігін және өтпей қалғандығын сипаттайтын барлық факторлар жиынтығын: ұлтын, демографиялық жағдайды (ерекшелік), облысты (аймақ) және конкурстан өтпеген әртүрлі және сол ұлттың абитуриенттері жинаған баллдары және басқаларды ескереді.